

## Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссиялар (комитеттер, кеңестер) туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 18 қаңтардағы N 62 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.12. N 1304 қаулысымен.

Халықаралық шарттар мен келісімдерді жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының шет елдермен сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастығын дамытуды үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1 . < \* >

*Ескерту. 1-тармақ жаңа абзацтармен толықтырылды - ҚРМҚ-нің 1995.07.17. N 986 қаулысымен.*

*Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМҚ-нің 1995.11.17. N 1562 қаулысымен.*

*Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1996.08.07. N 980 қаулысымен.*

*Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1997.01.27. N 114 қаулысымен.*

*Ескерту. 1-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2002.05.29. N 594 қаулысымен.*

2. Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясының (комитетінің, кеңесінің) қазақстандық бөлігі туралы Ереже бекітілсін.

3. Үкіметаралық комиссиясының (комитетінің, кеңесінің) қазақстандық бөлігінің төрағасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді деп белгіленсін.

4. Үкіметаралық комиссияның (комитетінің, кеңесінің) қазақстандық бөлігінің төрағасына, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетімен келісу бойынша, оның дербес құрамын жасақтауға, өзгерістер енгізуге, сондай-ақ онда жұмыс істеу үшін республиканың мүдделі министрліктері мен ведомстволарының өкілдерін тартуға құқық беріледі.

5. Үкіметаралық комиссиясының (комитетінің, кеңесінің) қазақстандық бөлігінің төрағаларына атқарылған жұмыс туралы жылына кем дегенде бір рет Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне хабарлап тұру т а п с ы р ы л а д ы .

6. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қосымшаға сәйкес қаулыларының күші жойылған деп танылсын.

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 18 қаңтардағы  
№ 62 қаулысымен  
бекітілген

**Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық  
комиссияның (комитетінің, кеңесінің) қазақстандық бөлігі**

**т у р а л ы**

**ЕРЕЖЕ**

Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясының (комитетінің, кеңесінің) қазақстандық бөлігі (бұдан әрі - комиссияның қазақстандық бөлігі) Қазақстан Республикасы жасаған мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдерге сәйкес құрылады.

### **1. Негізгі міндеті мен жұмыс бағыты**

Комиссияның қазақстандық бөлігі екі ел арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықты дамыту жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарының қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Осы мақсатпен өз құзыреті шегінде:

екі ел арасындағы екіжақты келісімдер мен уағдаластықтарды талдайды, бақылауды қамтамасыз етеді және олардың орындалуына жәрдемдеседі;

республиканың мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірге әртүрлі бағыттар бойынша екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бағытталған келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

екі елдің әлеуметті мүмкіндігіне қарай өзара пайдалы ынтымақтастықтың басым бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының үкіметіне, тиісті министрліктері мен ведомстволарына ұсыныстар енгізеді;

екі елдің кәсіпорындары мен ұйымдары арасында тікелей байланыстар орнату мен дамытуға жәрдемдеседі;

аса маңызды бірлескен жобалар бойынша тараптардың ұсыныстарын талқылайды, олардың іске асырылуына ықпал етеді;

Қазақстан Республикасының экономикасына шетелдік инвестицияларды тартуға ықпал етеді, мүдделі ұйымдармен бірлесе отырып олар тиімді пайдалану жөнінде үкіметке ұсыныстар енгізеді;

екі жақты ынтымақтастықтың барысында туындаған проблемаларды шешуді қамтамасыз етеді, үкіметтің шешуін талап ететін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар енгізеді.

Комиссияның қазақстандық бөлігінің төрағасы жылына кемінде бір рет атқарылған жұмыс туралы Министрлер Кабинетіне хабарлама жасайды.

Комиссияның қазақстандық бөлігінің жұмысын үйлестіру мен оған бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Іс басқармасының Сыртқы байланыстыр және ТМД істері жөніндегі бөлімдері жүзеге асырады.

## **2. Құрылу және жұмыс тәртібі**

Комиссияның қазақстандық бөлігін құру және оның төрағасын бекіту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қабылдайды.

Комиссияның қазақстандық бөлігінің төрағасына, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің келісуі бойынша, комиссияның қазақстандық бөлігі төрағасының орынбасары мен жауапты хатшысын тағайындауға, оның дербес құрамын жақсартуға, өзгерістер енгізуге, сондай-ақ онда жұмыс істеу үшін республика министрліктері мен ведомстволарының өкілдерін тартуға құқық беріледі.

Комиссияның қазақстандық бөлігінің құрамына, әдетте, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Экономика министрлігінің, Өнеркәсіп және сауда министрлігінің, Сыртқы істер министрлігінің, бірлескен комиссия құрылған елдегі Қазақстан Республикасы шетелдік мекемелерінің (елшіліктердің, сауда өкілдерінің) өкілдері, сондай-ақ республиканың басқа да мүдделі министрліктері мен ведомстволарының өкілдері кіреді.

Қажет болған жағдайда, тараптардың келісуі бойынша, олардың міндеті мен қызмет ету мерзімі белгіленіп, үкіметаралық комиссияның нақтылы проблемалары жөніндегі жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

Жұмыс топтары үкіметаралық комиссиясының немесе оның тең төрағаларының шешімдеріне сәйкес жұмыс жүргізеді, оларды өз қызметі жайында хабардар етіп отырады және оның мәжілісінде қарау үшін қажетті материалдарды дайындайды.

Үкіметаралық комиссияның мәжілісінде оның өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді де ол екі бөліктің төрағалары оған қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

Үкіметтерінің немесе олардың құзыретті органдарының тіпті бір жағының келісімі қажет болатын мәселелер жөніндегі үкіметаралық комиссияның шешімдері белгіленген тәртіппен келісілгеннен кейін күшіне енеді, бұл туралы тараптар біріне бірі хабардар етеді.

Мәжілістер аралығындағы кезеңде, қажет болған жағдайда, үкіметаралық комиссияның екі бөлігінің төрағалары, өзара келісу бойынша, жекеленген мәселелер жөнінде шешімдер қабылдай алады. Мұндай жағдайда осы шешімдер үкіметаралық комиссияның кезекті мәжілісінің хаттамасына енгізіледі.

Үкіметаралық комиссия мәжілісінің хаттамасы орыс тілінде және комиссия

бірлесе құрылған елдік тілінде жазылады.

Үкіметаралық комиссияның мәжілісі хаттамаларының көшірмелері әрбір мәжілістен кейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне түсіріледі.

### **3. Мәжілістер өткізу тәртібі**

Үкіметаралық комиссияның мәжілістері қажеттігіне қарай, бірақ жылына кем дегенде бір рет өткізіледі.

Тараптар күні бұрын, бірақ мәжіліске дейін бір айдан кешіктірмей, оны өткізетін уақыты, күн тәртібі туралы уағдаласады және талқыланбақ мәселелер жөнінде қажетті ақпаратпен алмасады.

Мәжіліс хаттамаларын ресімдеу үкіметаралық комиссияның жауапты хатшысына жүктеледі.

### **4. Қызметін қаржыландыру**

Үкіметаралық комиссияның қызметін қаржыландыру шарттары мен тәртібі әрбір елдің үкіметтерімен келісу жөніндегі оның бірлескен мәжілісінде бекітіледі.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 18 қаңтардағы  
N 62 қаулысына  
Қосымша

## **Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің күшін жойған қаулыларының**

### **ТІЗБЕСІ**

1. "Сауда экономикалық, ғылыми-техникалық, өнеркәсіп және мәдени ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақ-үнді бірлескен комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 26 қарашадағы N 993 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 47, 688 - 689 - баптар).

2. "Сауда экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақ-қытай комиссиясын құру мәселелері" атты Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 10 желтоқсандағы N 1041 қаулысы.

3. "Мәдени ынтымақтастық жөніндегі қазақ-үнді үкіметаралық бірлескен комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 сәуірдегі N 304 қаулысы.

4. "Үкіметаралық қазақ-американ сауда-экономикалық комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 маусымдағы N 535 қаулысын.

5. "Сауда экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақ-венгр комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 шілдедегі N 573 қаулысы.

6. "Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Жапония комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 19 тамыздағы N 714 қаулысы.

7. "Үкіметаралық Қазақстан-түрік бірлескен экономикалық комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 24 қыркүйектегі N 949 қаулысы.

8. "Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-таиланд үкіметаралық комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 қазандағы N 990 қаулысы.

9. "Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық Қазақстан-австралия бірлескен комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 6 қазандағы N 994 қаулысы.

10. "Үкіметаралық комиссиялардың Қазақстан жағын қалыптастыру және олардың құрамына өзгертулер енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 31 наурыздағы N 307 қаулысы.

11. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 19 тамыздағы N 714 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 сәуірдегі N 327 қаулысы.

12. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 шілдедегі N 573 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 23 мамырдағы N 554 қаулысы.